

Қазақстан Республикасының Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 шілде N 1059

Республиканың ғылыми-техникалық даму міндеттерін іске асыру мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары салалық және аймақтық әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде осы Тұжырымдаманы басшылыққа алсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
12 шілдедегі
N 1059 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасының Ғылыми және
ғылыми-техникалық саясатының
тұжырымдамасы

1 . К і р і с п е

Жаңа ғасырға адамзат өмір салтын түбегейлі өзгерткен аса көрнекті ғылыми және технологиялық жетістіктермен бара жатыр. Іргелі және қолданбалы ғылымның нәтижелерін практикада тиімді пайдалану адамзатты тұрақты дамытудың аса маңызды

факторына айналуға. Осыған байланысты, Қазақстан үшін отандық ғылымды елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының аса маңызды факторына айналдыруға арналған бағытты жасау және оны өмірге енгізу республиканың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарына сәйкес мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экономикалық әлеуетін арттыру өзекті міндет болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мемлекеттің нысаналы ғылыми-техникалық саясатын талап етеді, ол әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі перспективалық ғылыми бағыттарды және ғылыми кадрларды даярлаудың жүйесін сақтау үшін қажетті жағдайлар жасау, ғылым мен техника дамуының басым бағыттарын айқындау, қолда бар ресурстарды осы бағыттарда шоғырландыру, бүкіл ғылыми-техникалық кешенді реформалау және өнеркәсіпті дамытудың ел үшін жаңа технологиялық базасын жасау, ғылыми салада жұмыс істеудің нарықтық экономикаға тән жаңа тетіктерін қалыптастыру жөнінде бірқатар шаралар қабылдаған болатын. Сонымен бірге, объективтік себептерге орай, ғылыми-техникалық сала осы күнге дейін қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресінің базалық элементі болмай отыр.

Қазақстан Республикасының Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының осы тұжырымдамасы алдағы 5-10 жыл өтпелі кезеңдегі міндеттерді шешуге лайықталып әзірленді және ғылыми-техникалық саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, экономиканы инновациялық дамытудың және бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканың құрылуы мен оның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, оның ресурстық мүмкіндіктерінің осы заманғы талаптарына жауап беретін ғылыми-техникалық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған.

2. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай және оның ғылыми-техникалық салаға әсері

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай 90-жылдары өндірістің терең құлдырауымен, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуімен сипатталды. Реформа барысында экономиканы ауырлататын және сиықсыз күйге түсіретін қажетсіз өндірістерді ығыстыру жүрген жоқ, негізгі өндірістік қорларда осы заманғы талаптарға жауап беретін жабдықтар мен машиналардың үлес салмағы төмендеді. Экономиканың техникалық-технологиялық іргетасын құрайтын көптеген жетекші кәсіпорындар төлемге қабілетсіз болып қалды және толық қуатымен жұмыс істей алмады. Олардың өндірістік-техникалық әлеуеті уақытылы және тиімді амортизациясыз бұзылады, моральдық жағынан ескіреді. Осындай әлеуетті жоғалту оны қалпына келтіру үшін бірнеше ондаған жылдарды талап етеді.

Әсіресе, инвестициялық белсенділіктің төмендеуі қолайсыз фактор болды, мұның өзі негізгі қорларды жаңарту, озық технологияларды, инновациялық қызметті енгізу мүмкіндіктеріне теріс әсер етті. Көптеген салаларда инвестиция ұдайы өндірістің қажеттерін жаппайды.

Салалық құрылым мен инвестицияның негізгі капиталдағы серпінінен экономика құрылымын қалыптастыруда отын-шикізат салаларының, дамымаған машина жасаудың және тұтыну секторының басымдығы жалғасып отырған процесс көрініс береді, мұның өзі құрылымдық қайта құрудың міндеттеріне қайшы келеді. Шетелдік инвесторлар қаржыны ішкі және әлемдік нарықта төлем қабілеті сұраныспен пайдаланылатын, сондай-ақ экологиялық жағынан залалды өндіріске салуға бейім тұрады (тікелей шетелдік инвестициялардың 83,3% 1997 жылы мұнай-газ өнеркәсібіне, түсті, қара металлургияға бағытталды).

Соңғы екі жылда әлемдік экономиканың дамуы көптеген елдерді, соның ішінде Ресейді, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Латын Америкасы елдерін қамтыған дағдарыспен атап өтілді. Осы елдердегі экономикалық жағдайдың нашарлауы 1998 жылдың бірінші жартысында бүкіл әлем бойынша тауарларға баға деңгейі төмендеуінің өзекті факторына айналды. Әсіресе, әлемдегі экономикалық дамуға шикізатқа бағаның төмендеуі (газ, мұнай, металлдар) маңызды ықпал етті. Бұдан шикізат экспорты табыстың едәуір бөлігін құрайтын елдер, соның ішінде Қазақстан, бәрінен де көп зардап шекті.

Қазақстанда, басқа да бұрынғы одақтас республикалар сияқты, 90-жылдары технологиялық кері кету тенденциясы басым болды. Өндірістің техникалық деңгейі төмендеді, жаңа технология нашар игерілді, прогрессивті өнім шығару құлдырады, ғылыми-техникалық әлеует қысқарды.

Өндіріс құлдырауының нәтижесінде инновацияға бағытталған ресурстар мейлінше қысқарды. Инновациялық даму экономиканың ауырлаған құрылымын тежейді. Негізгі инновациялық әлеует инновацияға бейімдігі төмен және бүкіл әлемде технологиялылығы аз деп есептелетін отын-шикізат салаларында шоғырланған. Ғылымға және әсіресе, инновацияға шығын едәуір қысқарды.

Ғылымның рөлін дұрыс бағаламау, ғылымның және инженерлік еңбектің беделі құлдырау жағдайында технология әзірлеушілердің кәсіби деңгейінің төмендеуі, алынған білім мен дағдының ескеруі жүріп жатыр.

Осылайша, нарықтық реформаның басталуы жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың едәуір өзгеруіне алып келді. Өндірістің құлдырауы, экономиканың индустриясыздануы (шикізат бағдарының күшеюі), инвестициялық сұранымның күрт қысқаруы ғылыми-техникалық әлеуеттің өсе түскен сұранымсыздығына жағдай жасады. Жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдай ғылыми-техникалық даму процесі үшін әзірше қолайсыз күйінде қалып отыр.

Осыған байланысты Республика Үкіметі Қазақстанның мемлекеттік өнеркәсіптік

саясатын түзету, қазақстандық қоғамның тұрақты дамуы үшін экономикалық негіз жасау жөнінде шаралар қолдануда. 90-жылдардың екінші жартысынан және 2000 жылдың бас кезінен бастап экономикадағы жағдай басқарылуға неғұрлым икемделе бастады, негізгі нарықтық институттар құрылып, экономикалық дағдарыстан шығудың жолдары белгіленді, экономиканың нақты секторына айрықша назар аударылады. Экономиканы тұрақтандыру және оның одан әрі өсуін қамтамасыз ету инновациялық қызметті жандандыруды және өндірістің осы заманғы ғылыми-технологиялық базасын құруды көздейді, ол ғылыми және ғылыми-техникалық саланы тиісінше дамытпайынша мүмкін емес.

Қазақстанда ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласын реформалау нарықтық экономикаға өтудің ерекше күрделі кезеңіне тап келді. Ғылым, нарыққа өтудің салдары, объективтік жағдайларға орай, неғұрлым жосықсыз сипатта жүрген салалардың бірі болды.

Қаржыландыру көлемінің едәуір азаюы ғылымды реформалау мен ғылыми-техникалық әлеуеттің белсенді бөлігінің тіршілік етуі мен сақталуы проблемаларын шешуді үйлестіре жүргізуді қажет ететін жағдайды туындатты. Осындай күрделі жағдайда мемлекеттік органдар қабылдаған шаралар дағдарыстың салдарын белгілі бір дәрежеде жұмсартуға, жинақталған ғылыми-техникалық әлеуеттің елеулі бөлігін, сондай-ақ осы заманғы ғылым мен техниканы дамытудың бірқатар маңызды бағыттары бойынша қол жеткізген позицияны сақтап қалуға мүмкіндік туғызды. Ғылыми ұйымдарды шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларына бейімдеудің табысқа жеткізген алғашқы мысалдары да көріне бастады. Қазақстандық ғылым неғұрлым ашық және демократиялы бола түсті, ғалымдардың, сондай-ақ ғылыми ұйымдардың әртүрлі халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысуы кеңейді, идеологиялық шектеу мен қатаң әкімшілік бақылау жоғалды.

Елде нарықтық экономикаға тән ғылыми салалардың жұмыс істеу тетіктерін дамыту табиғи қадам болды. Оларға, ең алдымен, зерттеулер мен әзірлемелерді конкурстық негізде қаржыландыру жатады. Отандық ғылымның тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, жетекші ғылыми мектептерді сақтау және ғылымның, білім мен өндірістің ыдыраңқылығын еңсеру жөнінде шаралар қолданылды.

Сонымен бір мезгілде, түбегейлі жүйелік қайта құру өткір бюджеттік дағдарыс жағдайында жүргізілді, мұның өзі елде ғылыми сектордың қысқару тенденциясын туындатты. Ұлттық ғылыми зерттеу саласындағы жағдайды дағдарысты күй деп сипаттауға болады. Ғылымның қажетті ресурстармен қазіргі кездегі қамтамасыз етілуі оның өзінен уақыт талап етіп отырған үндеулерге жауап беруіне шамасын келтірмейді.

Зерттеу жұмыстарын қаржыландыруда әртүрлі елдердің салыстырмалы күш-жігерін шамамен бағалау ғылымға арналған әлемдік шығын сомаларының 95%-ке жуығы дамыған елдердің үлесіне тиетінін көрсетеді. Олар, сондай-ақ ҒЗЖ-ға арналған ұлттық шығын көрсеткіштері (бір тұрғынға есептегенде) бойынша да алда - 50-ден 150 АҚШ

долларына дейін, ал дамушы елдерде ол 5 доллардан аспайды. Қазақстанда 1998 жылы бұл көрсеткіш күткендегі 3,2 долларға қарама-қарсы, нақты алғанда, небәрі 1,2 долларды құрады. Сөз жоқ, қаржыландырудың мұндай ауқымы Қазақстанда ғылымның қарыштап дамуын қамтамасыз ету туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Басқа көздердің іс жүзінде болмауы жағдайында бюджеттік қаржыландыру көлемінің қысқаруы зерттеу ұйымдары санының 1995 жылмен салыстырғанда 54 бірлікке қысқарып кетуіне әкеп соқты. Басқа елдерге және экономиканың дамушы секторына ғылыми кадрлардың кетуі нәтижесінде, осы кезеңдегі ғылыми қызметкерлердің саны 1190 адамға қысқарды. Жалпы алғанда ғылыми саладан 7237 қызметкер, соның ішінде жоғары оқу орындарынан 1160 қызметкер кетіп қалды. Сонымен бірге, ғылым саласында кәсіпкерлік секторының пайда болғаны байқалып отыр - 1998 жылы мұнда 1500-ге жуық адам жұмыс істеді, мұның өзі үміт күттірерлік ф а к т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Дамыған елдердегі және Қазақстандағы ғылыми-техникалық саясатты іске асырудың тенденцияларын салыстыра келіп, кейбір қағидаттық айырмашылықтарды атап көрсеткен жөн. Егер дамыған елдерге іргелі және қолданбалы зерттеуді қаржыландыруды арттыру ғылымның жеке сектормен өзара байланысын ынталандыру тән болса, Қазақстанда әзірге кері тенденция әлі де сақталып отыр. Бұл елдерде ғылымға жеке сектордағы шығынды тікелей және жанама ынталандыру, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу үшін ғылыми-техникалық әлеуетті пайдалану жөніндегі күш-жігерді тұрақты түрде жандандыру жүзеге асырылады, ал Қазақстанда осы уақытқа дейін шаруашылық жүргізуші субъектілердің ғылымға және инновациялық қызметке арналған шығыстарын мемлекеттік ынталандыру жүйесі жоқ, отандық технологияны құрудың және игерудің маңыздылығын жете бағаламау с а қ т а л у д а .

Істің мұндай жағдайында, Қазақстанның жетекші елдермен салыстырғандағы даму деңгейінің алшақтығы болашақта, мұнан да артатын болады. Мемлекеттің қоғамның өндірістік күштерін дамыту саласындағы ұзақ мерзімді саясатын түбегейлі қайта қарау талап етіледі, әлеуеті жөнінен шикізат экспортымен шамалас, экономиканың шикізаттық емес секторын құруға бағытталған инновациялық саясат оның өзегі болуға тиіс. Іс жүзінде, инновациялық саясаттың басты мақсаты - рентабельділігі жоғары, ғылымды қажетсінетін экспорттық өнім шығару жөніндегі өндіріс құру жолымен елдің экспортын құрайтын шикізаттың үлесін қауіпсіз деңгейге дейін азайту болып табылатын Қазақстанның өндірістік инфрақұрылымын қатар жасаудың негізі болуға т и і с .

3. Ғылыми және ғылыми-техникалық саясаттың негізгі қағидаттары, мақсаттары мен міндеттері

1) Ғылыми және ғылыми-техникалық саясаттың негізгі қағидаттары
Республиканың ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының аса маңызды
қағидаттары :

ғылыми және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарын ұлттық мүддеге,
елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қажеттеріне сәйкес ынталандыру және
мемлекеттік қолдау ;

ресурстарды басым ғылыми бағыттарға шоғырландыру;
ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік тапсырыстарды конкурстық негізде
қалыптастыру және орналастыру ;

ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен іске асыру кезінде ғылым мен
ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік органдардың ғылыми
жұртшылықпен өзара іс-қимылын демократияландыру және қамтамасыз ету, ғылыми,
ғылыми-техникалық шығармашылықтың еркіндігін қамтамасыз ету және ғылыми
қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту;
ғылымды, өндіріс пен білімді ықпалдастыру болуға тиіс;

2) Ғылыми және ғылыми-техникалық саясат саласындағы негізгі міндеттер мен
мақсаттар

Ғылыми-техникалық саясаттың негізгі мақсаты - өмірдің сапасын арттыруға
бағытталған зерттеулерді дамыту, жоғары технологиялы өнімдерді экспорттауға
бағдарланған, ғылымды қажетсінетін, ресурстарды үнемдейтін және экологиялық
жағынан таза өндірістер әзірлеу, шикізатқа бағытталған экономиканы біртіндеп
технологиялық, ал технологиялықты - интеллектуалдық-ақпараттық экономикаға
ауыстыру және осы мақсат үшін жоғары білікті мамандар даярлау болып табылады.

Оларды іске асыру үшін :

ғылым мен ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастырудың жүйесін, нормативтік
құқықтық және әдістемелік базаны, соның ішінде, ғылыми-зерттеу және
тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру саласындағы базаны, оларды
конкурстық іріктеуді және нәтижелерді практикалық игеруді, интеллектуалдық меншік
құқығын қорғауды және басқаларын жетілдіруді;

іргелі зерттеулерді оңтайландыруды;

экономиканың базалық салаларының қажеттілігін ғылыми-техникалық қамтамасыз
етуге арналған қолданбалы зерттеулердің бірінші кезектегі бағыттылығын;

ғылымды қажетсінетін жаңа өндірістерді ұйымдастыру "зерттеу - әзірлеу -
өнеркәсіптік игеру" бірыңғай ғылыми-өндірістік циклға көшуге ықпал ететін
инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауды;

ғылымды қажетсінетін өнімдер шығару жөніндегі импортты алмастыратын (
экспортқа бағдарланған) жаңа технология әзірлеуді, меншікті
тәжірибелі-эксперименттік және өндірістік-техникалық базаны одан әрі нығайтуды (
қайта жаңарту, техникалық жағынан қайта жарақтандыру) және дамытуды;

қызмет бейінін сақтай отырып, ғылыми-техникалық саланың жекелеген объектілерін қайта құрылымдандыруды және жекешелендіруді;
ғылымды қажетсінетін өндірісті ұйымдастыру мен дамыту үшін инвестиция тартуды, ресурстар үнемдейтін және экологиялық жағынан таза технологиялар енгізуді;

ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында шағын және орташа кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді, нарықтық инфрақұрылым элементтерін қалыптастыруды және дамытуды;

зерттеу институттарын, салалық ғылыми-техникалық орталықтарды және жоғары оқу орындарын, оқу процесі мен ғылыми қызметті ықпалдастырудың тиімді тетігін әзірлеуді;

басым бағыттар бойынша кадрлар, соның ішінде жоғары білікті кадрлар даярлауды, осы негізде елдің интеллектуалдық әлеуетін сақтауды және дамытуды қамтамасыз етуді;

озық шетелдік технологияларды отандық жағдайға таңдау мен бейімдеуге және өнеркәсіпте игеруге елдің ғылыми күштерін тартуды;

қазақстандық ғылымды әлемдік ғылыми-техникалық кеңістікке ықпалдастыру процесін жеделдету міндеттерін шешу қажет.

4. Республиканың ғылыми және ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттарын таңдау

Жоғары экономикалық тиімділікке ие бола отырып, осы заманғы ғылыми зерттеулер барған сайын қымбат бола түсуде, сондықтан ғылыми және ғылыми-техникалық саясаттың негізгі түйіні республиканың ғылыми және ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттарын таңдау болып табылады. Басымдықтарды таңдау ең басты ұлттық идеядан - күшті, экономикалық жағынан дамыған, демократиялық, білімді Қазақстан құрудан бастау алуға тиіс;

1) Іргелі зерттеулер

Ғылыми-техникалық дамудың негізінде адамзат мәдениетінің аса маңызды элементтері болып табылатын іргелі зерттеулер мен білім жатыр. Олар адамның дүниетанымын, оның адамгершілігі мен руханиятын едәуір дәрежеде қалыптастырады.

Іргелі ғылымдардың негізгі бағыттарын айқындау әлемдік ғылымның даму тенденцияларына сәйкес республиканың стратегиялық басымдықтарына ғылыми әлеуетті шоғырландыру және жаңа білімдер алу мүмкіндігі мен елде қойылған міндеттерді шешуге қабілетті ғалымдардың бар-жоғын ескере отырып, елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын фактор ретінде жаңа технологиялардың ғылыми негіздерін әзірлеу қажеттігі мақсатында жүргізілуі тиіс.

Іргелі зерттеулердің негізгі бағыттарын болжау тұрақты мониторингті, неғұрлым

келешегі бар қарқынды бағыттарды айқындауды, оларлы қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіруді, таңдап алынған басымдықтарға түзету енгізуді талап етеді;

2) Қолданбалы зерттеулер

Қазақстанның экономикалық дамуының табысты болуы едәуір дәрежеде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтармен тығыз байланыстағы қолданбалы зерттеулердің басым бағыттарына қолда бар резервтер мен күш-жігерді шоғырландыруға тәуелді. Басым бағыттар:

- экономикалық реформалардың негіздерін әзірлеу жөніндегі ғылыми зерттеулерге;
- ғылымды қажетсінетін өндірістің дамуына ықпал ететін, өзін-өзі тез ақтайтын әзірлемелерді жасауға және енгізуге, экспорттық өнімді арттыруға;
- ауыл шаруашылығы малдарының, өсімдіктер сорттарының жоғары өнімді тұқымдарын жеделдетіп жасаудың, халықты жоғары сапалы тағам өнімдерімен қамтамасыз етудің әдістерін әзірлеуге;
- энергетиканы дамыту, көмірсутегі шикізатын барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау проблемаларын шешуге;
- халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталуға тиіс.

Жаңа материалдар, химиялық өнімдер, дәрілік препараттарын жасау, табиғатты ұтымды пайдалану, ізгілік бағдарындағы жұмыстар бойынша жаңа технологиялар әзірлеу және игеру тәрізді міндеттерді шешу жөніндегі бағыттар басым күйінде қала б е р е д і .

Республикада салалық және салааралық ғылыми-техникалық саясаттың негізгі бағыттарын айқындау болашақ дамудың алдын ала жасалған сценарийі негізінде жүргізілуге тиіс, онда саланың жай-күйі талданады және нақты ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді немесе стратегиялық және тактикалық мақсаттар белгіленеді. Мақсаттарды маңызына қарай саралау жұмыстың алғашқы кезеңінің аяқталуы болып табылады, өйткені, осы кезеңде салаларды басқарудың жоғары органы ретінде салалық министрліктер мен ведомстволар иелік ететін (немесе иелене алатын) нақты ресурстар есепке алына бастайды. Негізінен, салалық саясат белгілі бір жетістіктерге ие салаларды дамытуға бағытталуға тиіс. Алайда, ғылым мен техника дамуының электроника, ақпараттық және коммуникациялық технология, жаңа материалдар, биотехнология, энергетика, ғарыштық технология тәрізді түйінді бағыттарында зерттеулер мен әзірлемелер міндетті түрде жүргізілуге тиіс.

Басым салаларды дамыту бағдарламаларын ғылыми қамтамасыз ету үшін ішінара мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, саланың дамуына қарай, осы зерттеулерді қаржыландыру біртіндеп шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты есебінен қаржыландыруға көшірілетін республикалық мақсатты ғылыми-техникалық, салалық және салааралық ғылыми-техникалық бағдарламалар қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

5. Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатты іске асырудың мақсатты-бағдарламалық әдісі

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясатын іске асыру шеңберінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастырудың мақсатты-бағдарламалық әдісіне көшу жүзеге асырылды. Жоспарлау, қаржыландыру, сараптама, басқару және бақылау сатыларын қамтитын, бүкіл ғылыми-техникалық процесс жинақталып, қорытылған бұл әдіс, бұдан былайғы перспективаға арналған ғылыми-техникалық саясатты іске асырудың негізіне алынуы мүмкін.

Мақсатты-бағдарламалық әдістің тиімділігі оның жүйелі, ықпалдастыру сипатынан туындайды. Ол оңтайлы шешімдерді іздестіру әдістерінің функционалдық басымдықтарын, мақсаттарды икемді қою және жобалардың экономикалық ортаның қажеттері мен мүмкіндіктеріне бейімдеуді біріктіреді. Бұл жағдайда зерттеулерді, әзірлемелер мен олардың орындаушыларын ғана емес, сонымен бірге ғылыми-техникалық жобаның бүкіл техникалық және ақпараттық инфрақұрылымын қаржыландыру да жүзеге асырылады.

Жобалар мен бағдарламаларды тәуелсіз мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау мақсатты-бағдарламалық әдістің аса маңызды тетігі болып табылады. Сараптау кезінде бағдарламаның ғылыми негізділігі, оңтайлы мөлшері және ғылыми ұжымның құрамы, жобалаушы бас ұйымның зерттеулерінің негізінде мақсаттарға қол жеткізудің нақтылығы, қосымша орындаушы ұйымдарды тартудың қажеттігі және басқалары тексерілуге және бағалануға тиіс. Іргелі зерттеулер бағдарламалары бойынша бас ұйымды таңдаған кезде күшті ғылыми мектептің, танымал жетекші ғалымның болуы, зерттеудің осы заманғы әдістерін игеруі өлшем ретінде алынады. Осының бәрі, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы деңгейін арттыруға жәрдемдесуге арналған.

Қазіргі кезеңде мақсатты-бағдарламалық әдіс шеңберінде мынадай ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру мен іске асыру жүзеге асырылуда:

табиғи және әлеуметтік жүйелер туралы қағидатты жаңа білім алуды және экономиканы жүйелі қайта құрудың, қоғамды, мәдениетті және ғылымның өзін тұрақты дамытудың ғылыми негіздерін әзірлеуді өзінің алдына мақсат етіп қойған, ғылым мен ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарының шектеулі саны бойынша іргелі зерттеулер;

ғылыми-техникалық әлеуетті өнеркәсіптік-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық дамудың ең басты басымдықтарына шоғырландыруға қабілетті мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты іске асырудың аса маңызды құралы ретіндегі республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар; қолданбалы (салалық, салааралық және аймақтық ғылыми-техникалық) бағдарламалар - ғылыми-техникалық қызметтің нақты және кешенді салааралық

бағыттары, қолданбалы және енгізілетін зерттеулер мен әзірлемелер аймақтар үшін басымдығы бар ғылыми зерттеулердің бағдарламалары;

белгілі бір басым бағыттар шеңберіндегі "тәуекелді" және перспективалы іргелі және қолданбалы зерттеулерді ынталандыру және аймақтардағы ғылыми зерттеулерді дамытуға жәрдемдесу мақсатындағы Ғылым қорының жобалары.

6. Ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы инновациялық қ ы з м е т

Жоғарыда айтылғандай, шикізаттық экономиканың болашағы жоқтығының анықтығы қоғамның өндірістік күштерін дамыту саласындағы мемлекеттің ұзақ мерзімді саясатын түбегейлі қайта қарауды талап етеді, оның негізі әлеуеті бойынша шикізат экспортымен шамалас, экономиканың шикізаттық емес секторын құруға бағытталған инновациялық саясат болуға тиіс.

Әлемдік тәжірибе бұл мақсат үшін өндірістік инфрақұрылым дамуының арнаулы тәсілдері мен тетіктері жасалуы және іске асырылуы тиіс екенін көрсетіп отыр. Бұл орайда, жаңа экономика шикізат экспортымен неғұрлым аз байланыста болса, оның елдің экономикасында дербес тармақ болу шетелдік өндірушілермен ішкі нарықта ғана емес, сондай-ақ сыртқы нарықта да бәсекелесу қабілеті соғұрлым мүмкіндігі арта
т ү с е д і .

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасындағы Инновациялық қызметтің тұжырымдамасын қарап, мақұлдады.

Қазақстанның қаржы-экономикалық әлеуеті Тұжырымдамада алға қойылған міндеттерді қысқа мерзімде іске асыруға мүмкіндік бермейді, оның үстіне, олар ғылыми, өндірістік, білім беру құрылымдарының кең аясын қамтуға тиіс, ал оларды даярлау екі-үш жылдың ішінде қамтамасыз етілуі мүмкін емес.

Инновациялық қызмет - аяқталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің, не өзге ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижелерін рынокта сатылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімде, практикалық қызметте пайдаланылатын жаңа технологиялық процесте, сондай-ақ осыған байланысты қосымша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді іске асыруға бағытталған процесс болғандықтан, инновациялық процесс өнеркәсіп, білім және ғылым саласындағы міндеттердің кең ауқымын қамтуға тиіс.

Осыған байланысты, ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы инновациялық қызметтің бірінші кезектегі шаралары:

аяқталған әзірлемелерді барынша көп таратуға және оларды рынокта сатуға;

қолда бар ғылыми-технологиялық және өндірістік базаларда, негізінен технологияларды жақсарту деңгейіндегі базаларда инновацияны сататын шағын өндірістерді үздіксіз құруға және оларды қолдауға;

республикада ғылымды қажетсінетін озық технологияны дамыту үшін қажетті

шетелдік патенттер мен лицензияларды сатып алуға оларды жергілікті жағдайға бейімдеуге, болашаққа сатып алынған технологияларды жетілдіру жөніндегі зерттеулер жүргізуге, не солардың негізінде жаңа, неғұрлым жетілдірілгендерін жасауға; кадрлар базасын қалыптастыруға бағдарлануға тиіс.

Сонымен бір мезгілде, ғылымды қажетсінетін жаңа технологиялар мен өндірістер құру жөнінде болашағы бар зерттеулер жүргізу міндетті болып табылады.

Жұмыстың негізгі бөлігі технологияларды енгізу немесе экспортқа әзірлеудің базалық ғылыми-технологиялық орталықтары арқылы жүргізілуге тиіс.

Нарықтық қатынастардың өндірістік-экономикалық салада орнығуына және ұсынылған шаралардың іске асырылуына қарай, инновациялық қызметті инвестициялық және басқа жобаларды (жобалық менеджмент) басқарудың осы заманғы технологиялары шеңберінде іске асыруға көшуге болады. Осының бәрі, ғылыми ізденістердің, ғылыми және технологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың неғұрлым икемді нысандарын пайдаланудың аясын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен бірге мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты іске асыру үшін қосымша қаражат тартуға мүмкіндік береді.

7. Қайта құрылымдандыру және жекешелендіру

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға көшуі жағдайында қайта құрылымдандыру мен жекешелендіру өзгерістердің ажырағысыз элементі болып табылады. Ғылыми-техникалық саладағы қайта құрылымдандыру дегеніміз, басым іргелі және қолданбалы зерттеулер үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшелерді бөлу, ғылыми-техникалық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында оларды одан әрі қайта ұйымдастыру.

Ғылыми ұйымдарды қайта құрылымдандыруды қолда бар қаржы, кадр мүмкіндіктерімен және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласының алдында тұрған міндеттермен тығыз байланыста жүргізу қажет. Осының алдындағы кезеңде Ұлттық ғылыми орталықтарды қалыптастыру ғылыми ұйымдарды әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылымдарды ұстау жөніндегі оған тән емес функциялардан босату жөнінде жұмыстар жүргізілді. Ғылымды коммерцияландыру мақсатында ғылыми-зерттеу ұйымдары республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды.

Келесі кезең ғылымның мемлекеттік секторын қалыптастыру және бірқатар ғылыми ұйымдарды жекешелендіру, жаңа (республика үшін дәстүрден тыс) ғылыми ұйымдардың шағын және орташа нысандарын құру болуға тиіс. Осыған байланысты, іргелі және ел үшін стратегиялық мәні бар зерттеулер жүргізетін ғылыми ұйымдарды қоспағанда, ғылыми-техникалық салалардың объектілерін коммерцияландыру мен жекешелендіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асыру қажет.

Интеллектуалдық меншікті және басқа материалдық емес активтерді мемлекеттік ұйымдар объектілерінің құнына енгізу үшін, меншік нысандарын өзгерте отырып, оларды қайта құрған және (немесе) мемлекеттік меншікті жекешелендірген кезде, оларды бағалау мен есепке алудың ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т у і қ а ж е т .

Әсіресе, агроөнеркәсіп кешенінің объектілерін жекешелендіруде байыпты көзқарас танытылуы тиіс. Ауыл шаруашылығы өндірісі және оны ғылыми қамтамасыз ету географиялық белгісі бойынша сараланған. Сондықтан, тәжірибелік-эксперименттік шаруашылықтарды қоса алғанда, елдің барлық негізгі топырақтық-климаттық аймақтарында ғылыми ұйымдар бар. Олардағы егістік алқаптары мен фермаларда институттар эксперименттік зерттеулер жүргізеді, ауыл шаруашылығы дақылдары мен мал тұқымдарының жаңа сорттары мен будандарын тексереді, жаңа технологиялар мен машиналарды байқаудан өткізеді, сондай-ақ элиталық тұқымдар, асыл тұқымды төл өсіреді және аймақтарды солармен қамтамасыз етеді. Аграрлық бағдардағы ғылыми ұйымдар және олардың тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорындары, осылайша, өзара байланыстағы ғылыми-технологиялық тізбек болып шығады және біртұтас ғылыми-зерттеу кешенін құрайды. Тәжірибе көрсеткендей, коммуналдық меншікке берілген тәжірибе шаруашылықтары ғылыми-зерттеу жұмыстарына, республикалық ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысудан қалады. Осы себептен елде тұқымды жаппай көбейту мен асыл тұқымды сұрыптау жұмыстары толық және біржола күйреуі м ү м к і н .

8. Ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесінің аса маңызды және қажетті құрылымдық элементі шағын және орта кәсіпкерліктің, соның ішінде ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы шағын және орта кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Біздің еліміздің жағдайында бұл, бір жағынан , жұмыс орындары санының өсуіне жағдай жасайды, екінші жағынан, ғылыми-техникалық кадрлардың басқа жаққа кетіп қалуын және қолда бар ғылыми-техникалық базаның күйреуін болдырмайды. Ғылыми-техникалық саладағы инновациялық шағын және орта бизнестің қалыптасу кезеңінде, оған, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік қолдау қажет.

Шағын және орта кәсіпкерліктің осы заманғы нысандары ғылыми-техникалық өнімдер мен қызмет көрсетулердің соларға сай инфрақұрылымдары мен ділі бар кең рыногын құруға ықпал ететін болады. Солардың базасында идея, өнертабыс, патенттер болып барып, тауарлар болып қайта шығатын өзіндік бір торап құру көзделіп отыр. Шағын және орта инновациялық кәсіпкерліктің таратылатын ғылыми ұйымдардың

базасында да, сондай-ақ іргелі, стратегиялық маңызды зерттеулер үшін жауап беретін ғылыми ұйымдардың және енгізілмелі-қолданбалы зерттеулер үшін жауап беретін бөлімшелердің "өзегін" бөліп көрсете отырып, ғылыми-техникалық салалар объектілерін қайта құрылымдандыру мен жекешелендіру жолымен де қалыптастырылып, дамытылатынын атап көрсеткен жөн.

Шағын және орта бизнесті дамытумен байланыстырылатын Қазақстандағы кәсіпкерлікті қайта өркендету неғұрлым жетілдірілген техникалық базада жүзеге асырылуға тиіс. Әңгіме шағын кәсіпкерліктің өзіне тән икемділігі, сұраныстың өзгеруіне тез бейімделетін қабілеті толық көлемде көрініс беретін өндірістік базаны және өз инфрақұрылымын жасау қажеттігі туралы болып отыр. Бизнестің шағын нысанының ерекшелігі оған тиісті қолдау көрсету керек екендігін де білдіреді (тікелей қаржыландыруын, соның ішінде коммерциялық банктердің тәуекелдік, жеңілдікті, несиemen қаржыландыруын, шағын бизнеске бағдарланған инвестициялық компаниялар құруды қоса алғанда). ТМД елдеріндегі нарықтық қайта құруға қолдау көрсетудің көптеген халықаралық бағдарламаларында шағын және орта кәсіпорындарға көмектің арнаулы қорларын құру көзделген. Қаражаттың бір бөлігі техникалық көмек (сарапшылардың, консультанттардың қызмет көрсетулері) деп аталатын нысанда келіп түсетін болады.

Шағын және орта бизнесті қолдауда алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін салық-қаржы саясатының ынталандыру қызметі ерекше мәнге ие болады.

9. Аймақтарда ғылыми зерттеулерді дамыту

Аймақтардың ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға жәрдемдесу мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың ажырамас бөлігі болуға тиіс, жергілікті жердегі өндіріспен тығыз байланысуына орай, ол неғұрлым тиімді және өміршең болуы мүмкін. Ғылыми-техникалық ұйымдарды жаңадан құрған, жұмыс істеп тұрғандарын қайта ұйымдастырған және аймақтық, аймақаралық бас ғылыми ұйымдарды айқындаған кезде аймақтық мәністерді ескеру керек.

Аймақтардағы ғылым жергілікті өнеркәсіп пен агроөнеркәсіп кешендерін дамытуды талап ету, сондай-ақ ерекшелігі бар әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемалар негізінде құрылуға тиіс. Аймақтық ғылыми ұйымдар, сондай-ақ инновациялық қызметті дамыту орталықтары болуы керек. Облыстық бюджеттерде ғылымға қаражат бөлуді көздейтін баптарды қайта қарау қажет.

Аймақтардағы ғылыми зерттеулерді дамытуда және жандандыруда жергілікті жоғары оқу орындары маңызды рөл атқара алады және атқаруға тиіс. Аймақтардың экономикалық және әлеуметтік салаларын қайта құру процесінде олардың ғылыми-техникалық әлеуетін толық көлемде пайдалану қажет, олар ғылыми-инновациялық дамудың орталықтары болуға тиіс.

Ғылыми-техникалық саланы басқарудың мемлекеттік органы және аймақтардың басшылығы өзінің күш-жігерін ғылыми және ғылыми-техникалық саясаттың мынадай бағыттарына :

аймақтарда экономикалық өсудің белсенді нүктелерін және оларға ғылыми-техникалық қолдау көрсетудің нысандарын іздестіруге;
аймақты дамытудың басым ғылыми-технологиялық мәністерін белгілеуге қатысуға;

аймақтарда ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастырудың және қолдаудың жаңа нысандарын дамытуға жәрдем көрсетуге жұмылдыруға тиіс.

Мемлекет тарапынан :

аймақтық саясаттың жүйелік қағидаттары мен әдістерін әзірлеуді, аймақтардың стратегиялық дамуын ғылыми болжауды;

аймақтарды кешенді дамытудың жобаларын ғылыми-техникалық жағынан сүйемелдеуді;

аймақаралық, трансаймақтық және шекара маңындағы өзара тиімді іс-қимылды қалыптастыру кезінде ғылыми негіздеуді (сараптауды);

аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының құрамдас бөлігі ретіндегі ғылыми-техникалық дамудың міндеттерімен байланыста қарастыруды қамтамасыз ету қажет.

10. Қорғаныс саласындағы ғылыми-техникалық саясат

Қорғаныс саласындағы ғылыми-техникалық саясат мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі мақсаттары :

қорғаныс кәсіпорындарын дамыту, қолдау және қару-жарақ пен әскери техниканың жекелеген түрлерінің Қазақстан үшін неғұрлым басымдарын жөндеуді, жаңғыртуды және өндіруді қамтамасыз ету;

байланыс, барлау, радиоэлектрондық күрес, әуе шабуылынан қорғаныс, көліктік авиация әскерлерінің басым дамуы мен техникалық жағынан жарақтануын қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірісті басым дамыту елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және әскери қатерді болдырмаудың аса маңызды ресурсы ретінде қарастырылады.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесі өндірістің қорғаныс салалары технологиялық базасының тұрақтылығы мен сенімділігінің қажетті дамуына қол жеткізуді талап етеді. Ол үшін, елдің, импорттық жеткізілімдерді өзіміздегі соларға ұқсастармен орнын толтыру қабілетін аса қысқа мерзімде қамтамасыз ету қажет.

Қорғаныс саласындағы ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру кезінде Әскери

доктринаның негізгі ережелерін іске асыруға, әскери-өнеркәсіптік өндірісті дамытуға және конверсиялауға айрықша назар аударылуға тиіс.

Оны ойдағыдай орындау үшін:

қорғаныс кешенін дамытудың және конверсия жүргізудің, қару-жарақ пен әскери техниканы жаратудың стратегиясы мен методологиясын әзірлеу;

конверсиялау және жарату нәтижесінде сатылатын тауарлардың халықаралық рынокқа шығуына жағдай жасау;

конверсиялау және екіұдай қолдану технологиясын әзірлеу проблемалары

бойынша ғылыми-техникалық өзара іс-қимыл саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

өнеркәсіп орындарының және ғылыми-зерттеу институттарының даму және конверсия мәселелері бойынша жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асыру қажет.

Елдің қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялауды:

конверсиялау нәтижелерінің әлеуметтік мәнін;

конверсиялық шаралардың экономикалық және әскери-техникалық тиімділігін қамтамасыз етуді;

технологияны дамытудың басым бағыттары бойынша ғылыми-техникалық әлеуетті сақтауды;

мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

білікті ғылыми және инженерлік кадрларды қолдауды ескере отырып жүргізген орынды.

11. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы ресурстық, нормативтік құқықтық, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету

1) Қаржыландыру

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету қаржыландыру көздерінің көптігіне негізделуге тиіс. Іргелі зерттеулерді және басым қолданбалы бағдарламаларды қаржыландырудың басым көзі мемлекеттік бюджет болып табылады. Республикалық ғылыми-техникалық бағдарламалар да және жекелеген аймақтарға арналған бағдарламалар да тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылуы тиіс, бұл ретте бюджет қаржысы мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаттарымен ұштастырылады. Егер олар қайтарым негізінде берілсе, бірінші кезекте технологиялық бағыттардағы жұмыстар үшін берілсе, бюджеттік қаражатты аталған мақсатқа пайдаланудың тиімділігі арта түседі. Кредит осы зерттеулерді қаржыландырудың елеулі көзі болуға тиіс.

Бұдан басқа, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет, сондай-ақ заемдық қаржы

қаражаты, өзінің қаржылық ресурстарының есебінен тартылған қаржы қаражатынан және гранттардан жүзеге асырылуы мүмкін.

2) Заңдық базаны жетілдіру

Ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ролін одан әрі арттыру үшін экономика салаларының және әлеуметтік салалардың ғылыми-технологиялық дамуын ынталандырудың пәрменді тетігін жасау, ғылымды басқару жүйесін, оның заңдық базасын жетілдіру, ғылым мен жоғары білімді ықпалдастыру, ғылыми зерттеулерді бюджеттен тыс қаржыландырудың тұрақты көздерін іздестіру мейілінше өзекті болып табылады.

Осыған байланысты, 2000 жылы "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясын әзірлеу қажет.

Заң жобасында өндірістік қатынастардың кез келген субъектілерінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласына тиесілігі мәнінде өндірістік қатынастардың кез келген субъектісін теңестіру жөніндегі ережелер көрсетілуі, мемлекеттің және осы қызмет субъектілерінің арасындағы қатынастар реттелуге тиіс. Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың негізгі мақсаттары мен қағидаттары, оны қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі мемлекеттік өкімет органдарының өкілеттіктері белгіленген, қаржыландыруды регламенттеуге және ресурстарды ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыруға байланысты мәселелер көрініс табуы, сондай-ақ, ғылыми-техникалық салалар объектілерін жекешелендірудің ерекшеліктері ескерілетін нормалар енгізу қажет.

Инновациялық, ақпараттық қызметке және қызметтің басқа салаларына қатысты заңдық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер де жетілдірілуге тиіс;

3) Ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету

Аса ауыр қаржылық жағдайға қарамастан, елде ғылыми-техникалық ақпараттың республикалық жүйесін сақтап қалуға қол жетті. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және басқа ғылыми-техникалық өнімдер бойынша мемлекеттік дерекқор, ғылым мен техника жетістіктері туралы автоматтандырылған ақпараттық ресурстар қалыптастырылуда.

Ғылыми-ақпараттық салалар үшін нормативтік және әдістемелік құжаттардың жинағы әзірленді, шетелдердің ақпараттық орталықтарымен байланыс орнатылуда. Ғылыми-техникалық әлеуеттің, шет мемлекеттердегі ғылыми-техникалық дамуды басқару проблемаларының мониторингі жүзеге асырылуда. Мемлекеттік органдар ғылыми-техникалық ақпаратпен тұрақты негізде қамтамасыз етіледі, рефераттық, талдамалық және басқа ақпараттық материалдар шығарылады.

Қазақстанда ғылым мен техника дамуының әлемдік деңгейіне және жоғары қарқынына жету үшін ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін одан әрі жетілдіру және дамыту талап етіледі.

Таяу кезеңде ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, іздестіру және

беру процестерін толық автоматтандыру міндеті алда тұр. Бұл ретте, ақпараттық технологиялар, пайдаланылып жүрген аппараттық және бағдарламалық құралдар Қазақстан Республикасында құрылып жатқан бірыңғай ақпараттық кеңістік талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы ақпараттық қамтамасыз етудің міндеттерін іске асыру үшін ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесінің қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған базасында ғылыми-техникалық ақпараттың ұлттық жүйесін құру керек, ол орталықтағы, сондай-ақ аймақтардағы өзінің барлық тұтынушыларының және өндірушілерінің отандық және шетелдік ашық ақпарат көздерімен, ал басқа елдердің ақпаратын пайдаланушыларға - Қазақстанның ғылыми-техникалық ақпаратының ақпараттық ресурстарымен қамтамасыз етілуіне жол ашады. Ақпараттық қорларды, әсіресе автоматтандырылған ақпараттық ресурстарды, халықаралық стандарттарды ескере отырып құру керек, мұның өзі ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат жүйесінің әлемдік ақпараттық қоғамдастыққа кіруін ж е д е л д е т е д і .

Ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық қамтамасыз етумен, сондай-ақ ғалымдар мен мамандардың, ғылыми-техникалық ақпаратты басқа да пайдаланушылардың ақпараттық мәдениетінің жеткілікті деңгейін қалыптастырумен шұғылданатын мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде үлкен жұмыс жүргізу міндеті алда тұр. Осы мақсатпен ғылыми-ақпараттық қызмет саласында, әсіресе жаңа ақпараттық технология саласында, соның ішінде интеллектуалдық ақпарат жүйелері саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі.

Ғылыми-техникалық ақпарат органдарының жанынан ақпарат қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталықтарын құру, орта және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына ғылыми-техникалық ақпарат жөнінде курстар енгізу қажет;

4) Ғылыми кадрлар даярлау және әлеуметтік саясат

Ғылыми-техникалық салаларды кадрлармен қамтамасыз етудің негізделген саясатын жүргізу - ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырудың, оларды таяу және алыс болашақта елеулі жаңа деңгейге шығарудың түйінді проблемаларының бірі.

Қазақстан Республикасында ғылым үшін кадрлар проблемалары айрықша өткір қойылып отыр. Ғылыми еңбекке ақы төлеу деңгейінің бағаның өсуінен қалыс қалуы нәтижесінде кадрлардың, соның ішінде кеп жылдық маманданған даярлықтағы жоғары білікті кадрлардың қартаюы және қызметтің басқа салалары мен елден тыс жерлерге кетуі жүріп жатыр. Ғалымның, инженердің беделі түсіп кетті, олардың еңбегі бұрынғыдай тартымдылығын жоғалтты.

Қызметтің технологиялық және экономикалық салалары үшін жоғары білікті кадрлар даярлау тұрғысынан ғылым мен білімді ықпалдастыру мүмкіндіктері толық кө л е м д е п а й д а л а н ы л м а й д ы .

Мұндай теріс тенденциялар ғылым мен техника саласындағы еңбектің нәтижелеріне

әсерін тигізетін көптеген басқа проблемаларды да шиеленістіріп жіберді. Ғылыми және инженерлік кадрлардың өнертапқыштық белсенділігі төмендеді, талантты жастар кетіп ж а т ы р .

Ғылыми кадрларды даярлаудың жүйесі қажеттілікпен және ғылыми-техникалық саланы басым дамытумен тығыз байланыстырылуға тиіс және аспирантура мен докторантура жүйелері арқылы жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлауды осы бағытқа бағдарлау керек. Ғылым мен инновациялық қызмет салалары үшін менеджерлер д а я р л а у д ы ж ү з е г е а с ы р у қ а ж е т .

Республикада ғылыми кадрларды мақсатты және құрылымдық-теңдестіре даярлау, қайта даярлау, аттестаттау және тиімді пайдалану ғылыми-техникалық прогрестің баса көрсетілген бағыттары бойынша тұрақты түрде алға жылжудың бірінші дәрежелі шарты болып табылады. Бұл міндеттерді шешуге басым сипат беру керек.

Б ұ л ж ұ м ы с :

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми және инженерлік-техникалық кадрларды, магистрларды, аспиранттарды, ғылыми дәреже ізденушілері мен докторанттарды даярлауға жұмсалатын қажетті қаржы қаражатын б ө л у д і ;

кадр проблемаларын шешуге және талантты жастарды іздеу мен іріктеуден бастап, даярланған мамандарға аттестаттау жүргізуге және еңбекке орналастыруға дейінгі даярлаудың барлық буындарын басқару үшін қажет тиісті тетігін жасауды, оларды рейтингтік бағалаудың рәсімдерін пайдалана отырып және өзге шараларды кешенді к ө з қ а р а с т ы ж ү з е г е а с ы р у д ы ;

ғылыми-техникалық дамудың бірінші кезектегі басым бағыттарына, жүйелі кәсібилік пен білікті іскерлік талаптарына сәйкес ғылыми және инженерлік кадрларды құрылымдық-теңдестірілген даярлауға және қайта даярлауға көшіруді қамтамасыз е т у д і ;

Қазақстанның ғылыми-инженерлік кадрлар деректерінің жүйелендірілген банкін қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

ғылыми қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді арттыруды;

акционерлендірілген және шетелдік фирмалардың басқаруына берілген мемлекеттік кәсіпорындардың кадрларды даярлауға және қайта даярлауға, студенттердің, магистрлердің және тағлымдамашылардың практикасын ұйымдастыруға қатысуын;

ғалымдарды және жоғары білікті педагогтарды аттестаттаудың деңгейін көтеруді, мамандықтардың, ұғымдық терминологиялық аппараттың номенклатурасын ж е т і л д і р у д і ;

білімді халықаралық білім беру жүйесіне ықпалдастыруды, студенттерді және ғылыми қызметкерлерді шетелдік ғылыми орталықтарда оқыту мен тағылымдамадан өткізу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті қаржы қаражатын бөлуді талап е т е д і .

Ғалымдарға, ғылыми-техникалық қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және олардың еңбегін, мәртебесін және жағдайын қорғау, интеллектуалдық меншікті, авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау, ғылым мен жоғары мектеп қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету нысандарын дамыту, сондай-ақ ғылыми және инновациялық қызметті сақтандыру кадр саясатының аса маңызды мәнісі болып т а б ы л а д ы .

12. Халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясат елдің ұлттық мүддесіне, қазіргі геосаяси және экономикалық жағдайға сәйкес жүзеге асырылуға және қазақстандық өнімдерді халықаралық рынокқа жылжыту, Қазақстанды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыру және оның осы заманғы өркениет проблемаларын шешудегі рөлін белгілеу мақсатында бәсекеге қабілетті бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді іске асыруға бағытталуға тиіс.

ТМД шеңберінде ғылымды қажетсінетін технология, кадрлар даярлау, ғылыми және ғылыми-техникалық саясатты жақындастыру мәселелері бойынша бірлескен семинарлар, кеңестер ұйымдастыру және бірыңғай ғылыми және экономикалық кеңістікті қалыптастыру саласындағы ынтымақтастық жөнінде екіжақты және көпжақты халықаралық шарттар жасасу практикасын дамыту керек.

Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты реттеу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуге ғылыми қоғамдастықтың мүддесін ескере отырып, әріптестерді, бағыттарды, шетелдік әріптестермен ынтымақтастық және араласу нысандарын еркін таңдау енуге тиіс. Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдарына, қазіргі кезде, едәуір дәрежеде қазақстандық ғылымға көмек көрсетуде ізгілікті сипатқа ие және көбіне қаржыландырушы тараптың мүддесін көздейтін Халықаралық ғылыми-техникалық орталық (ХГТО), Еуропалық одақ, Американдық қорлар, НАТО-ның ғылыми комитеті және басқа бағдарламаларға қатысумен қатар, қатысушы тараптардың үлес қосуымен қаржыландырылатын өзара тиімді жобаларға, қазақстандық институттар базасында халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарын құруға, қазақстандық ғалымдардың жұмыс істеп тұрған әлемдік ғылыми орталықтардың жұмысына қатысуына ықпал етуге, институт сайттарын құру арқылы қазақстандық ғылымның жетістіктері мен мүмкіндіктерін насихаттау үшін Интернет мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға, республикада халықаралық конференциялар мен форумдар өткізуге, лекция оқу үшін басқа елдердің ірі ғалымдарын шақыруға көшу қ а ж е т .

Қазіргі уақытта ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар ғаламдық сипатқа ие және әртүрлі елдер ғалымдарының күш-жігерін талап етеді. Осыған байланысты, интеллектуалдық меншік құқығын бөлуді ескере отырып, ғылыми-техникалық ақпарат

алмасу және пайдалану айрықша мәнге ие болады.

1 3 . Қ о р ы т ы н д ы

Тұжырымдамада алға тартылған ережелерді жүзеге асыру үшін, Қазақстан

Республикасының "Ғылым туралы" жаңа Заңын және "Ғылым" мемлекеттік бағдарламасын қабылдау қажет. Заңды қолдану және "Ғылым" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде Тұжырымдамада бекітілген мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың мақсаттары мен қағидаттары өмірге енгізілетін; отандық ғылымды елдің экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал ететін, оның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының аса маңызды факторына айналдыру үшін жағдай жасалатын болады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.